

**Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму
министрлігі Аэроғарыш комитетінің
«Ғарыштық зерттеулер мен технологиялар ұлттық орталығы» АҚ
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
нәтижелері бойынша
Талдамалық анықтама**

2025ж.12.«12».

Алматы қ.

1. Ішкі талдау объектісінің толық атауы:

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Аэроғарыш комитетінің «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам).

2. Ішкі талдау жүргізу негізі:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Төрағасының 2023 жылы 31 наурыздағы №112 «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы» бұйрығы.

Қоғамның 05 желтоқсандікі №60/НҚ «2025 жылғы «ҰҒЗТО» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығының негізінде.

3. Талдау жүргізу кезеңі

2025 жылғы желтоқсан

4. Ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі:

2025 жыл

**5. Белімшенің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Қоғам келесі нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 528-IV Қазақстан Республикасының «Ғарыш қызметі туралы» Заңы, 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңы, 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы, 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілері.

Қоғам өз Жарғысын, Қазақстан Республикасының жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің бұйрықтары мен өкімдерін, ішкі нормативтік құжаттарды, соның ішінде Қоғам актілерін басшылыққа алады.

Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қуқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар бөлімшесінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде анықталған жоқ.

6. Бөлімшенің ұйымдастыру-басқару қызметі:

2025 жылы 12 желтоқсандікі жағдай бойынша Қоғамда штат бойынша 112 лауазымдық бірлік, нақты тізім – 83 қызметкер екені анықталды.

Қоғамның кадрлар бөлімшесінің ақпаратына сәйкес штат бірліктерінің жалпы санының құрамы: Әкімшілік-басқару персоналы – 19 бірлік, шаруашылық персоналы – 8 бірлік және негізгі ғылыми-өндірістік персонал – 56 бірлік.

Сондай-ақ, ғылыми персонал құрамында 4 ғылым докторы, 7 PhD докторы, 4 ғылым кандидаты бар ішкі талдау жүргізу сәтінде.

2025 жылдың басынан бастап:

– 17 қызметкермен олардың бастамасы бойынша еңбек шарттары бұзылды.

2024 жылы:

- 1 (бір) қызметкер жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығарылды (ҚР Еңбек кодексінің 52-бабының 1-тармағының 23-тармақшасына сәйкес).

Ағымдағы 2025 жылы 2 ғылыми қызметкер біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

– тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар – 2;

– сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар – жоқ;

– сотталғандар – жоқ.

Қоғамның кадр қызметі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының қызметі туралы», Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексімен, Корпоративтік басқару кодексімен қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық қызметінің алдын алуға, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыс жүргізеді.

Қоғам қызметкерлері іскерлік этикетті сақтайды, лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты қызметкерлерге жеке және заңды тұлғалардан сыйақы алуға тыйым салынады.

7. Мүдделер қақтығысын реттеу желісі бойынша:

Жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты лауазымдарға орналасу және мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде үлестес болу фактілері қоғамда анықталды.

Қоғам өзінің қаржы-шаруашылық қызметін «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы

жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 18 бұйрығы негізінде әзірленген, Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 11 желтоқсандағы (№8 хаттаманың узіндісі) шешімімен бекітілген 2025 жылғы жыл сайынғы нақтыланған даму жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

Қоғамда мемлекеттік сатып алулар электрондық түрде portal.goszakup.gov.kz веб-порталында 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңы мен 2024 жылғы 9 қазандағы №687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл мемлекеттік сатып алу шарттарын жасаудың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етіп, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану фактілерін болдырмайды.

«Қоғамда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізімі №1 Қосымшада көрсетілген.

8. Бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Қоғамның бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджеттік бағдарламалардың нысаналы көрсеткіштері мен индикаторларына қол жеткізу үшін қоғам жасаған бюджеттік өтінім бойынша ағымдағы қаржы жылына бөлінген қаржы қаражатына сәйкес жүргізіледі.

Бұзушылықтар анықталған жоқ.

9. «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» АҚ-қа қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері бойынша:

2025 жылғы 17 наурыздағы №17 Мемлекеттік сатып алу шартына сәйкес, «ҰҒЗТО» АҚ мен ЖШС «BR-Audit» арасындағы келісім аясында Қоғамның қаржылық есептілігінің аудиті жүргізілді. «ҰҒЗТО» АҚ қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары анықталған жоқ.

2025 жылғы 28 шілде – 15 тамыз аралығында «ҰҒЗТО» АҚ Қазақстан Республикасының Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ішкі аудит департаменті арқылы аудиторлық тексеру жүргізілді. «ҰҒЗТО» АҚ қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары анықталған жоқ.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету:

Қоғам мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

11. Рұқсат беру функцияларын іске асыру:

Қоғам рұқсат беру функцияларын орындамайды.

12. Бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру:

Қоғам бақылау функцияларын орындамайды.

13. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар бойынша:

Есепті кезеңде электрондық және баспа БАҚ-тарында «ҰҒЗТО» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпараттық материалдар анықталмаған.

14. «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» АҚ атына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша:

2025 жыл ішінде «eOtinish» ақпараттық сервисі арқылы жеке және заңды тұлғалардан әртүрлі мәселелер бойынша 17 өтініш түсті, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралды. Уақтылы қаралмаған немесе жауап берілмеген жағдайлар анықталған жоқ.

Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлықтың көрініс табуы туралы жеке және заңды тұлғалардың өтініштері түскен жоқ.

15. Қорытынды:

«Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» АҚ-да сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берілмеді. Жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

«ҰҒЗТО» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қызметті жүзеге асыру кезінде «ҰҒЗТО» АҚ келесі іс-шараларды орындады:

2025 ж. «25» сәуірдегі №25/НҚ бұйрығымен «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» АҚ контрагенттерінің сенімділігін тексеру регламенті бекітілді;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде «ҰҒЗТО» АҚ ресми сайтында «Сыбайлас жемқорлық картограммасы» бөлімінде келесі бағыттар бойынша ақпарат орналастырылған:

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізбесі;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізбесі;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде «ҰҒЗТО» АҚ ресми корпоративтік сайтында «Сыбайлас жемқорлық картограммасы» бөлімі «Сыбайлас жемқорлық картограммасы» бөліміне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізген сыртқы талдаулардың нәтижелері» бөлімі және «БАҚ-тағы, азаматтардың шағымдары мен басқа ақпараттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілерін талдау нәтижелері» бөлімімен қосылды.

Тауарларды жеткізу және қызмет көрсету жөніндегі келісімшарттарға Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңының 4-бабының 2-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертулер енгізілуі қамтамасыз етілді.

«ҰҒЗТО» АҚ-ның ресми корпоративтік сайтында нормативтік-құқықтық база жаңартылды.

«ҰҒЗТО» АҚ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін көтеру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша

ереже әзірленді, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі ережелері, қызметкерлерінің ішкі мінез-құлық стандарттары және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жауап беру тәртібі түсіндіріледі. Бұл ереже «ҰҒЗТО» АҚ қызметкерлеріне міндетті түрде танысу және жұмыста ескеру үшін жолданды.

«ҰҒЗТО» АҚ-ның Директорлар кеңесіне 2026–2027 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспарының жобасы ұсынылды. Жоспарда Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес ішкі нормативтік актілерді жаңарту және әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі нормативтік-құқықтық актілерді «ҰҒЗТО» АҚ-ның ресми интернет-ресурсында орналастыру, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізуге арналған аналитикалық анықтаманы дайындау және ұйымдастырушылық сипаттағы басқа да мәселелер қарастырылған.

16. Ұсыныстар:

- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық қызметінің алдын алуға және оған жол бермеуге, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмысты одан әрі жүргізсін;

- «ҰҒЗТО» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелеріне қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын тиімді қолдануды арттыруға бағытталған жұмысты одан әрі жүргізу;

- Қызметкерлерді «ҰҒЗТО» АҚ қызметкерлерінің әдеп және қызметтік мінез-құлық кодексімен, «ҰҒЗТО» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулығымен таныстыру (одан әрі — жаңа қызметкерлерді жүйелі түрде хабардар ету);

- «ҰҒЗТО» АҚ қызметкерлерінің жеке істерін жүргізуді Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 32-бабына сәйкес қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- «ҰҒЗТО» АҚ барлық штаттық лауазымдарының лауазымдық нұсқаулықтарын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» бұйрығымен сәйкес келтіру; біліктілік талаптарын лауазымдық нұсқаулықтардан нақты айыру; лауазымдық нұсқаулықтарды нақты кандидаттың жеке ерекшеліктері мен біліктілігіне сәйкестендіруге жол бермеу;

- Қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу және тәртіптік жазалар қолданудың бірыңғай Қағидаларын (Комплаенс-офицердің қатысуын қоса алғанда) әзірлеу және бекіту;

- Тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатып алу рәсімдерін «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 26 қарашадағы № 538 «Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары және (немесе)

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бюджет қаражаты есебінен өткізілетін ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен қатаң сәйкестікте жүзеге асыру; сатып алу процесінің барлық кезеңдерінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету; белгіленген рәсімдерді бұзуға жол бермеу;

- Сатып алу рәсімдеріне қатысатын қызметкерлерге қойылатын талаптарды күшейту;

- Шарттардың орындалу барысы мен мерзімдері мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер арасындағы координацияны күшейту; шарт талаптарын бұзған жеткізушілер мен (немесе) орындаушыларды шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жауапкершіліктен босатуға әкеп соғуы мүмкін кез келген әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;

- 2026 жылы «ҰҒЗТО» АҚ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

ШЕШІЛДІ:


- «ҰҒЗТО» АҚ Басқарма Төрағасына қарастыру үшін аналитикалық анықтама енгізу;

- Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелерін «ҰҒЗТО» АҚ тің ресми корпоративтік сайтында орналастыру.

Жұмыс тобы:

Жұмыс тобының жетекшісі:


Басқарма төрағасының орынбасары



Г. Партизан


Жұмыс тобының мүшелері:

Әкімшілік бөлімнің басшысы




Г.К. Тұрсағұлова

Бас бухгалтер




Б. И. Кадырова

Бас экономист




Ж.Б. Айнабекова

Бас конструктор




М. К. Омарбаев

РҚ департаментінің директоры




Н.Б. Мухадиев

Кадр инспекторы



Ж.Н. Отыншиева

Заңгер



А.Р. Оржанова

МСА жөніндегі менеджері



Г.А. Айтекеева